

2 Овчаров М.С., Өтебаев И.С. Гидравлика және гидрожетек негіздері. Автомобильдік мамандықтарға арналған жалпы курс. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 2004

3 Өтебаев И.С. Сұйықтар динамикасы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 2007

Исаева К.Р.

*Көлік және кәсіптік оқыту кафедрасының профессоры,
п.ғ.к., доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Жұмабай Ә.Ә.

*«6M012000-Кәсіптік оқыту» мамандығы магистранты,
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Елімізде білім жүйесін дамыту талаптарына сай оқушыларға терең білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты мәселесі болғандықтан қоғамның педагог мамандарға қоятын талаптары қазіргі таңда күрделене түсуде. Жаңа қоғам мұғалімі – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты білімді, кәсіби құзыретті, өз теориялық білімін практикада әр түрлі педагогикалық технологиялармен жүзеге асыраалатын өз кәсібінің шебері бола білуі қажет.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» [1],- деп, мамандыққа қатысты оқыту мәселесіне ерекше мән беру қажеттілігі атап көрсетілген болатын. Кәсіби іс-әрекетке деген болашақ мұғалімдердің дайындығы мәселесі А.А.Бейсенбаева, Ф.Н.Гоноболін, Э.А.Гришин, К.К.Жампейсова, В.И.Загвязинский, Н.В.Кузьмина, К.К.Левитан, А.К.Маркова, В.Д.Семенов, В.А.Сластенин, Н.Д.Хмель, Н.Н.Хан және т.б. ғалымдар еңбегінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы, жалпы білім беретін мектептерде тұрған көкейтесті міндеттердің қатарына оқытудың құзыреттілік тәсілін жүзеге асыруды басты мәселе етіп қойып отыр. Олай болса нәтижеге бағдарланған оқыту, яғни құзыреттілік тәсіл, ең алдымен, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамытуды талап етеді.

Даярлығы жоғары білікті, кәсіби құзырлы педагог жалпы орта білім беру нәтижесі ретіндегі құзыреттіліктерді өзіндік менеджмент, ақпараттық коммуникативті технологияны меңгерген жеке құзыретті тұлға- студентті қалыптастырады, сондықтан кәсіби даярлықтың арнаулы пәндерді оқу негізінде іс-әрекеттік және тұлғалық терең бағдарлық тәсілдерін үйлестіре отырып, кәсіби құзыреттіліктерді болашақ маманға меңгерту басты міндет.

Үшінші мыңжылдық – құзыреттілік білім беру жағдайында педагогтың инновациялық даярлығын қажет ететін, жаңа формациядағы оқытушының инновациялық іс-әрекетінің кезеңі. Құзыреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үдеріс – нысанның, педагогикалық идеяның, деректер мен тұжырымдардың, теорияның, әдес-тәсілдердің жаңасапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үдеріс, қоғамның педагогикалық құндылықтарға сәйкес жаңа ақпараттық технологияны меңгеруі, қолдануы. Қоғамдағы білім-беру саласындағы инновациялық үдерістер мен реформалар оқытушының ісіне еңбек жолына – «инновациялық білімді», «ақпараттық даярлықты», «ақпараттық технологияны» және тағы басқа технологияны алып келді. Осы аталған жаңа инновациялық ілімдер нарықтық экономикалық заманда құзыретті бәсекегесай маман әзірлеуді жүктеп отыр.

Сонымен болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қояды. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама – қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың

біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі [2].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады. Мұғалім кадрларын кәсіби оқыту жүйесінде педагогикалық практика өте маңызды орын алады. Ол жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінің басты бір бөлігі болып табылады да, болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығы мен практикалық іс-әрекетін біріктіруін қамтамасыз етеді. Педагогикалық практика үрдісінде келесі міндеттер шешімін табады:

- студенттерді мұғалім мамандығына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің тұрақтылығына тәрбиелеу;

- нақты педагогикалық міндеттерді шешу барысында психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді пайдалану үрдісін тереңдету, бекіту;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту: педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік ыңғайға бейімдеу.

Білім берудің жаһандану жағдайы маман құзыреттілігін қалыптастыруды, олардың дара тұлғалық сапасын дамытуды талап етіп отыр. Қазіргі кездегі жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – қоғамда болып жатқан өзгерістерге шығармашылық тұрғыдан қарай алатын, алға қойылған мәселені сапалы шеше

білетін, терең теориялық біліммен қаруланған, іскерлік қабілеттілігі мен кәсіби деңгейі жоғары, еліміздің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болаалатын жоғары білікті мамандарды дайындау. Ол құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы шешімін табуда. Құзыретті білім беруді іскеасыру әдістемелік және теориялық мәселелерді шешудің жолдарын қарастырады. Бұл мәселе негізінен кәсіптік оқыту мамандығындағы кәсіптендіру пәндерімен байланыстырып оқытумен тікелей байланысты. Бүгінгі таңда кәсіби пәндерді меңгерту бағытында әртүрлі әдістемелер бойынша оқытудың инновациялық тәжірибелері мен озық технологиялары қарқынды дамуда.

Құзыретті білім беру тәсілдерінің қызметі әдістеме ілімінде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының ауқымды салмағын анықтайтындай.

Латын тіліндегі «competens» сөзін ғалым К. Құдайбергенова былайша түсіндіреді: «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы, тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық ашаалады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алуы қажет».

Сонымен құзыреттілік тұрғы білім нәтижесіне назар аударып, нәтиже ретінде адамның меңгерген ақпараттарының жиынтығын емес, түрлі жағдаяттарда іс- қимылдар жасау қабілетін басшылыққа алады немесе оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы оқушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануын негізге алады.

Болашақ педагогтардың кәсіби қызметінің мәні – жалпы білім беретін мектептердің бірінші сатысында педагогикалық процесті ұйымдастыру және білім беру мекемелерінің әдістемелік жұмысы жағдайында Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы талаптарын жүзеге асыру болып

табылады. Сонымен қатар кәсіби қызметтеріне тоқталатын болсақ, оның түрлері төмендегідей:

- диагностикалық – оқушы тұлғасын, оқыту, тәрбиелеу және дамыту нәтижелерін зерттеу;

- ұйымдастырушылық-технологиялық (педагогикалық технологиялар негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру);

- педагогикалық басқару («субъект-субъектінің» өзара әрекеті, білім беру менеджменті);

- ғылыми-зерттеу (білім беру мекемелеріндегі мәселелерді шешудегі шығармашылық ізденіс, педагогикалық тәжірибені зерттеу, рефлексия) болып табылады;

- электрондық оқыту жүйесінде оқу- педагогикалық қызметін жүзеге асыру;

- инновациялық технологияларды қолдану дағдысының болуы;

- оқушылардың шешуші құзыреттерін (жалпымәдениеттік, танымдық, коммуникативтік) қалыптастыру;

- сын тұрғысынан және шығармашылық ойлауын дамыту тұрғысынан кіші мектеп жасындағы балалармен сабақтарды ұйымдастыру және өткізу;

- сабақта жәнсабақтан тыс уақытта білім алушылардың мотивация негізінде оқу- танымдық қызметке шешуші құзыретін қалыптастыру бойынша біліктілігінің болуы;

- оқушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық, денсаулығын сақтау тәрбиелерін жүзеге асыру бойынша құзыретті болуы[4].

Жоғарыда берілген анықтамалардың негізінде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарын былайша түсіндіруге болады: құзырет нақты өмірлік жағдайда тиімді қызмет ету үшін тұлғаның өз білімін, біліктілігі мен дағдыларын жұмылдыруға дайындығы болса, ал құзыреттілік тұлғаның өзіне қатысты құзыреттіліктерді меңгеруі, иеленуі, яғни біліктілік пен қызметтілікке деген оның жеке қарым-қатынасы.

Білімнің нәтижеге айналуы – оқытудың ең негізгі әрі басты мәселесі. Оқыту барысында күтілетін білім нәтижелерін айқындайтын құзыреттіліктер деңгейінде көрінеді. Студент оқу-танымдық, ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік, әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктерді игеру нәтижесінде білімді

де білікті, кәсіби даярлығы жоғары, бәсекеге қабілетті маман болаалады. Бәсекеге қабілетті маманның білімділігі мен біліктілігін өз қажетіне қарай ұштастыруға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға т.б. төменде көрсетілген құзыреттіліктердің маңызы ерекше (1-кесте).

1 кестеде келтірілген құзыреттіліктің әрқайсысы білім, біліктілік пен дағды және құндылықтардың үлкен кешенінен тұрады. Құзыретті маман даярлау мақсатында білім алушылардың білімділік белсенділігін арттыру технологиясы бойынша білім беру мақсаты – студенттерге білім беру арқылы өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін қалыптастыру арқылы бәсекеге қабілетті маман ретінде дамуына көмектес.

1-кесте

Оқыту барысында күтілетін білім нәтижелерін айқындайтын құзыреттіліктің түрлері

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК			
оқу-танымдық	ақпараттық-технологиялық	коммуникативтік	әлеуметтік-тұлғалық
өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекеті арқылы игеру деңгейі	ақпараттық технологияларды, техникалық объектілерді игеру мүмкіндігі	қарым-қатынас жасау қабілеттілігі, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру біліктілігі	өзінің, қоғам мүшелерінің әлеуметтік қызметтерінің маңызын түсіну шеберлігі

Білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандандырылған маман дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі жоғары, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті маман қалыптастыру – білім мазмұнын таңдауда қатаң ескерілетін мәселе. Сондықтан әрбір білім алушы өз

мамандығына байланысты кәсіби мәселелерді шешу, білім және іскерлік деңгейін көтеру сияқты құзыреттілігімен анықталады [5].

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: ЮРИСТ, 2012. -264 б.

2. Әлмұханова Х.Т., Бейсебаева П.С.Құзіреттілік –кәсіби маман даярлаудың басты сапасы. - // http://www.rusnauka.com/15_APSN_2011/Pedagogica/2_85259.doc.htm

3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2008. -30-32-б.

4. Вербицкий А.А.Компетентностный подход: проблемы и условия реализации. // Инновационные проекты и программы в образовании. – 2009. – №2.

*Мақсұт З.Қ.
ТТТУТ-13 қ/т студенті,
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Шақтай А.Қ.
№41 мектептің оқушысы
Ғылыми жетекші: №41 мектептің мұғалімі
Шақитаева С.Б.*

КӨЛІКТІК ЛОГИСТИКА, ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖӘНЕ ЖҮКТІ ЭКСПЕДИЦИЯЛАУ

Логистика - клиенттердің немесе корпорациялардың талаптарын қанағаттандыру үшін бастапқы нүкте мен жеткізу нүктелерінің арасындағы ресурстар ағымын басқаруды білдіреді. Логистика ұғымы ақпарат, тасымалдау, мүліктеу, қоймалау, қаптамалау және қауіпсіздік сияқты құраушылардың бірлесуін қамтиды.

Логистика қазіргі экономикалық түсінік бойынша материалдық, қаржылық және ақпараттық ағымдармен көтере